



Сыр – анам, Қаратау – панам!

# Жаңақорған ТЫНЫСЫ

1933 ЖЫЛДЫ

ОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

№97 (8705) 9 желтоқсан, сенбі 2023 жыл



## БЕРДІБЕК АҒА ЖАЙЛЫ ТОЛҒАНЫС

Халқымызда жер байлығы, ел байлығы, ер байлығы деген қастерлі де киелі ұғымдар бар. Жер байлығы дегеніміз – табиғаттың сыйы. Берекелі, бақуатты тұрмысымыздың көпірі.

Ел байлығы дегеніміз – заман мен қоғамның сыйы. Өзгелердің алдында еңсемізді тіктеудің, есептесе келгенде есемізді жібермейтін елдігіміз, ұлттық болмысымыз. Ер байлығы дегеніміз – жердің байлығын тасытатын, елдің байлығын еселейтін тұлға.

Бұндайда «Жердің атын ел шығарады, елдің атын ер шығарады» дейді халқымыз. Туған жерін аялаудың, туған еліне қызмет етудің үлгісін танытып, ауыр жүгіне арқасын тосқан азаматтар қандай қоғамда да елдің ер байлығын құраған. Олардың қатары неғұрлым көп болған сайын елдің іргесі кеңейіп, мәртебесі тасып, айыны асып тұрған!

Ежелгі Тонкөк пен Білге қаған заманында да, Асан Қайғы аңсаған қоғамда да, елдік үшін арпалысқан Абылай ханның кезінде де халқымыздың біртұар тұлғаларының бірі қол бастады, бірі сөз бастады, енді бірі көш бастады. Солардың соңына ерген ел елдігін сақтады, өрлігін танбады.

Бердібек Мәшбекұлының өмір жолын, қызмет баспалдақтарын осы өмірлік өнегемен сабақтастыра өрудің мәнісі бар. Шынында, Бердібек Мәшбекұлы еліміздің Ер байлығы – Тұлғалар галереясынан ойып тұрып орын алған қайраткер азамат бола алды.

Биыл жетпіс жастың жүзін көрген Бекең соншама жыл елі үшін еткен еңбегінің жемісін көрер шағында келместің кемесіне мініп кете барды. Сонына не қалдырды, не алып кетіп барады дегенге келсек Бекең елін, жерін, пани жалғанды қалдырып кетті сонына. Сонымен бірге елін, жерін өркендетуде жыраулар айтатын «кәтепті қара нардан» болып атқарған сауабы мол, игілігі аста-төк өнегелі істерін қалдырып кетті. Өзімен қимай қостасқан елінің ыстық ықыласы мен қабырғасы қайысқан халқының алғасуы ризашылығын алып кетті өзімен бірге.

Бекеңнің ендігі жерде екінші өмірі – мәңгілік өмірі басталды. Енді қайраткер туралы өткен шақпен ғана әңгіме айтпаңыз. Мен де аз ғана естелікке орын берейін.

Бекеңмен төрт-ақ рет кездесіп, сұхбаттаса алған екенмін. Алғашқы кездесуім 1992 жылдың желтоқсанында еді. Мен ол кезде №52 «Красная звезда» орта мектебінің директоры едім. Алматыда мектеп басшыларының білімін жетілдіру институтына курсқа барған едім. Ол кезде Бекең Қазақстан Республикасы Білім министрінің орынбасары болып қызмет істейтін. Бізге келіп білім мекемелерін қаржыландыру мәселесінен дәріс оқыды. Үзілісте кездесіп таныстық. Елден екенімізді біліп, шарттар әңгімелер айтқан еді.

Екінші рет 1996 жылдың қыркүйегінде кездестім. Бұл кезде №86 Шалқия орта мектебінде директорымын. Бекең Қызылорда облысының әкімі еді. Ол кісінің қабылдауына саяси қуғын-сүргін құрбаны, мемлекет қайраткері Бегайдар Аралбаевтың 100 жылдығын атап өтуге байланысты Жүндібай Жайпанов, Балгабай Жанаділов ағаларымды алға салып барғанбыз. Ауданның деңгейінде шешімін таппаған мәселе Бекеңнің алдында оңынан шешілді. «Елдің болашағы жолында құрбан болған қайраткердің есімін ұлықтамау бізге сын ғой. Неге ертерек келмедіңіздер?» деп орынбасарларына нақты тапсырма берген еді. Кездесу

соңында менің кеншілер қалашығында мектеп директоры болып қызмет ететіндігімді білген соң, Шалқияның жағдайын сұрады. Кеншінің дағдарысты жағдайында мектептің биылғы қысты жылысыз қарсы алатындығын айтып көмек сұрадым.

– Кеншінің бастығына тапсырма берілген. Қаржы бөлінген еді. Орындадық деп есеп берген.

– Жағдай мүлдем басқаша. Жылу жүйесін іске қосуға қатысты ештеңе де істелген жоқ – дедім.

– Мәселе шешіледі – деп нық сеніммен айтқан әкімнің уәдесіне риза болып елге қайттым.

Ертеңіне түсте Шалқияға келсем кенші басшылары, кент әкімі бар, барлығы мені автобустан күтіп алды. Бір аптаның ішінде мектепке шетелдік автономды жылу қазандығы әкелінді. Бұл Бекеңнің сөздің емес істің адамы екендігіне өзін куә болған бір сәт еді.

Үшінші кездесуім 2010 жылы Семей қаласында Шәкәрім университетінде болды. Мен сол кезде докторлық диссертация қорғаудың қамын жүргенмін. Семейліктердің облыс әкімінің атқарып жатқан игі істеріне риза пейілде екендігін сезіндім. Облысты қазақыландыру, шовинистік пиғылдағы әкімқараларды қалай орнына қойғандығы жөнінде тамсана айттым. Бекең қазан айында университетте Абайдың 165 жылдығына арналған жиынға қатысып, сөз сөйледі. Ағаға арнайы жолығып, сәлем бердім. Хал-жағдай, амандық-саулықтан соң бірден іштартып «Не көмек керек?» деп сұрады. Өзіме ештеңе сұрамадым. Тек «ғылым кеңесшім Ерлан Батташұлына оң көзіңізбен қарасаңыз болды» деп әзілге бұрдым.

Соңғы кездесуіміз 2015 жылдың қыркүйегінде Астанада өтті. Қазақ хандығының 550 жылдығының қорытынды шарасы өтіп жатты. Оңтүстік Қазақстан облысы делегациясының құрамында мен де бар болатымын. Вице-премьер ретінде ол кісінің осы бір саяси мәні жоғары мемлекеттік шараны ұйымдастырудың басы-қасында жүргенін білетінбіз. Республика деңгейінде қаншама іс-шаралар өтіп жатты. Барлық әрекеттің мақсаты қазақтың тарихы, мемлекеттілігі Ресейге байланып қалмағандығын әлемге паш ету, өзгелерді мойындату еді ғой. Бұл әрекеттер нәтижесін берді.

Тұңғыш Президент қатысқан жиынның орта тұсында Бекең шұғыл түрде сыртқа шығып кетті. Сол сәтте Әкім болып тағайындалып, Ақтөбе қаласына ұшып кеткен екен. Әр облыс Тәуелсіздік алаңына өз ордаларын тіккен. Ертеңіне Бекең оңтүстік қазақстандықтарға «жерлестерім» деп арнайы келіп сәлем беріп, дастарханнан дәм татты. Бәріміз жаңа қызметімен құттықтадық.

## АУЫЛДА ЖЕТІСТІК КӨП

Ауылдағы ағайынның тыныс-тіршілігіне талдау жасап, елмен еркін форматта жүздесіп, тұрғындар көкейіндегі ұсыныс-тілектерін тыңдау үшін аудан әкімі Мұрат Жолкелдіұлы елді мекендерге биылғы жыл бедеріндегі төртінші сапарын бастады. Жанында аудандық мәслихат төрағасы Ғалымжан Сопбеков, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Өмірсерік Тақырбасов және бөлім басшылары бастаған делегация алдымен шалғайдағы ауылдар жай-күйін білуге бет алды.

Т Әлібек ЖАРЫҚБАЕВ, Мақпал МАРҚАБАЙ

Қыс маусымы басталған тұста шалғай ауылдардың тыныс-тіршілігін көзбен көруді мақсат еткен арнайы құрам ең алдымен Байкөнеже ауылына бағыт түзеді.

Байкөнеже ауылындағы клуб үйі жаңа бейнеге еніп, еңсесі көтеріліп, ажары кіріп қалыпты. Кітапхана мен клуб үйіне арналған ортақ ғимаратқа күрделі жөндеу жұмысы жасалыпты. Клуб үйінің ауласы саябаққа көмкеріліп, мәдениет сарайының көркін ашып тұр. Қысқы мезгілге отын-суы әзір. Мекеменің көрермен залы жып-жылы, әрі жарықтандырылған.

Бұл ауылда биылғы кездесулерде жиі айтылған мәселелер толық жүзеге асыпты. Төрт көше жөнделіп, жарықшамдары іске қосылған. Канал қазылып, егінші қауымның еңсесі тіктеліпті. Осындағы ірі кәсіпорындармен бірлесіп, көпір салу ісі қолға алыныпты. Көпшілік алдында сөз бастаған аудан әкімі Мұрат Жолкелдіұлы:

– Байкөнеже ауылына қарасты шағын елді-мекендерді де назарымызда ұстап, арнайы кездесу ұйымдастырдық. Сол кездесуде айтылған пікірлерді аяқасты етпей қаржысы мен құжатын қарастырып, халыққа ең қажет деген мәселелердің шешімін тауып келеміз. Уәде еткен ісімізді аяғына жеткізіп, елдің батасын алу үлкен абырой деп сенемін, – деді.

Байкөнеже ауылының халқы аудан әкімінің жұмысына ризашылығын білдіріп, осы елді мекендегі мектепке асхана және спорт залы қажеттігін жеткізді. Бұл мәселені аудан басшысы қолдайтынын, әрі жіті назарда ұстайтынын тілге тиек етті.

Айта кету керек, ауданда 9 елді-мекенде электр жүйесін жаңғыртудың демалушы есебінен жобалар жасалып, мемлекеттік сараптамадан өтіп, бюджеттен қаржы бөлінді. Осы қаржымен тағы да 10 ауылдың жарық жүйесін жанар-ту жоспарда тұр. Тарқатып айтсам, Екпінді,

Қожамберді, Сүттіқұдық, Бірлік, Қосүйенкі, Жаңарық, Ақсуат, Өзгент, Түгіскен, Қаратөбе ауылының жоба-сметалық құжаты жасалды. Алдағы уақытта республикалық деңгейде қолдау тапса жұмыс жүйелі жүретін болады. Өткен жылы Бірлік пен Қыраш елді мекеніне газ кірді.



## КӨЛЕҢКЕЛІ ЭКОНОМИКАНЫ ТЕЖЕУДІҢ ЖОЛЫ БАР МА?




«Көлеңкелі» экономика. Бүгінде жаһан жұртын шарпыған елдің қазынасына құйылмай, бәзбіреулердің баспайдасына кететін «көлеңкелі» экономиканың қаржы айналымы адамзатты алаңдатып отырғаны ақиқат. Тасада өрістейтін экономикалық қызметтің бұл түрі ел қазынасына салық төлеуден түсетін табысты едәуір төмендетіп отыр. Әлемнің озық елдері цифрлы технологияға дөм беруде. Неге дейсіз бе? Басты себеп – экономикадағы көлеңкелі қаржыны қысқарту. Иә, бұл – әлем елдеріндегі өзекті мәселеге айналды. Біздің елде де көлеңкелі экономикамен күресу мемлекеттік деңгейге көтеріліп, белгілі бір шаралар қабылдануда. Нәтижелі ме? Муны сараптамалық материалда анықтаймыз...

Т Әсел РЗАЕВА

ПАРАСАТТЫ ТҮЛҒА «ПАРАҒА» ТӨЗБЕЙДІ

ЖАҢА КІТАП

ДОҚТЫР КЕЛІН



(Жалғасы. Басы 1-бетте)

# АУЫЛДА ЖЕТІСТІК КӨП



Биыл Төменарық, Жайылма, Шалқия, Құттықожа, Кейденге газ кіретін болады. Ауыл жолдары да назарымызда, аудандық маңызы бар 4 автомобиль жолы мен 17 ауылдың 18 ауыл ішілік жолы орташа жөндеуден өтпек. Оған қоса, демеушілердің қаржысымен де бірнеше көшелерде жөндеу жұмыстары жасалады. Халықты әлеуметтік қолдау аясында мемлекет тарапынан қолдаулар үздіксіз жүретін болады.

Біз барған Кейден ауылының тұрғындары биыл ауылға газ кіретініне марқайып қалды. Сондай-ақ, Аққум ауылына ойын алаңқайы салынады. Өткен кездесуде халық Аққумның электр жүйесі сын көтермейтінін, желді күндерде жарық сөнетінін айтып шағымданған еді. Бүгінде жарық желісі ҚТЖ теңгерімінен шығарылып, ҚРЭК теңгеріміне өткізуге құжаттар әзірленуде. Бұйырса, жыл соңында сапалы электр желісіне қосылмақ ниетте. Кейденнің С.Мұхтаров көшесі, Аққум мен Қауықтың көшелеріне 940 млн қаржы қаралады. Кейденнің ардагерлер кеңесінің төрағасы, Оразөл Әбжанов «Тайпақкөл-Қандарал» көлдер жүйесін қайта жаңғырту жұмысына жергілікті биліктің назары ауғанына ризашылығын білдірді.

Кезекті бағыт бойынша Жайылма ауылына бет алып, су жаңа 150 орындық клуб үйінің алдына жиналған жұртпен жылы жүздесу өрбиді. Жаңақорған ауданының мәдениеті мен өнеріне сүйелі еңбегін арнап жүрген ауыл тұрғындарының қуанышында шек жоқ. Еңселі ғимарат заманауи үлгіде бой көтерген. Мәдени іс-шаралар жиі ұйымдастырылып, ауыл өнерпаздарының өнерін өрге оздыруда. Сондай-ақ, бұл ауылда газдандыру жұмысы да жүруде. Су құбырын жаңарту бағыты да жүйеленіп келеді. Осы кездесуде ауыл халқы жастарға спорт кешенін салып беруді сұрады. Бұл ұсынысты аудан әкімі алдағы уақытта жоспарлайтынын жеткізді. Аудан басшысы Мұрат Жолкелдіұлының іскерлігіне тәнті болған ел ағасы Әбуов Әбдімәлік ақ батасын берді.

## ШАЛҚИЯДА ШАЛАЛЫҚ НЕГЕ КӨП?

Шалқия кентінің тұрғындары аудан басшысымен жаңа канал салынған тұста жүздесті. Бұл ауылда биыл жаңа клуб үйі өз жұмысын бастады. Құм-тас тасыған көліктер, шиппалы санаторий мен «Шалқия-Цинк ЛТД» кәсіпорнының қызу тіршілігінен-ақ халықтың әлеуметтік жағдайы түзеле бастады дегуге болатындай. Кенттің көлемі едәуір артып, жаңа үйлер мәнмұндап тұр. Осы кездесуде жиналған жұрт ауыз су жүргізіп жатқан мердігердің ісіне көңілдері толмайтын, бір айда бірнеше жерде апаттық жағдайлар орын алатынын, жоба жүргізушілердің материал сапасына немқұрайлық танытып отырғанын сөз етті. Тұрғындар атынан сөз алған Әділбек Көшербаев ауыз су мен лас судың мәселесін тәпшілеп түсіндірді. Аудан әкімі Мұрат Жолкелдіұлы мердігердің жұмысы сапалы болмайынша жобаны қабылдап алмайтынын жеткізіп, халықтың көңілін жұбатқандай болды.

## ОН АУЫЛДЫҢ ОҢ ІСТЕРІ

Аудан әкімі бастаған делегация келесі күні Төменарық аймағы мен Сырдағы ауылдарға барып, елдің талап-тілегін тыңдап, тындырылмағандарын түгендеп қайтты. Бұл жолы да сапарда аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Әмірсерік Тақырбаев, аудандық мәслихат төрағасы Ғалымжан Сөлбөков, бөлім басшылары мен әр аймаққа жауапты депутаттар бірге жүрді. Алдымен Сұнақата елді мекеніне жол жүрдік. Шиелімен шекаралас ауылдарға ағайынның айтары көп емес. Тізілдік алдымен аудан әкімі Мұрат Тілеуімбетов алып, жыл бойына еткен еңбектің жемісін қысқаша саралап берді. – Биылғы жыл Жаңақорған ауданы үшін табысты болды. Барлық саладан облыста озық болдық. Экономикамыз ілгерілеп, инвестиция көлемі артты. Ауылшаруашылығы, өндіріс, кәсіпкерлік және басқа да салаларда істеріміз оң нәтиже берді. Әсіресе, тазалық мәселесін жолға қойып, үздіктер көшінде болдық. Айта берсек, жасалынып жатқан жұмыстар өте көп. Бұның барлығы алдымен елдің несібесі, халықтың ниетінің, пейілінің кеңдігінің жемісі. Азаматтардың қызметінің, қазыналы қарияларымыздың ақ батасының арқасында керемет нәтижеге қол жеткіздік. Бұйырса, келер жылы бұдан да биіктерді бағындыруға ел болып бірігіп, жұрт болып жұмылып жұмыс жасау керекпіз, – деді аудан басшысы.

Сұнақата халқы электр желілері мен бағаналары тозуына байланысты жаңғыртуды сұраған еді. Бұл мәселе де көп ұзамай шешіледі. Келер жылы 10 елді мекеннің бағаналары мен желілерін жаңғырту басталады (жоба құны 3,2 млрд теңге). Тізімде осы ауыл да бар. 2024 жылы толық аяқталатын болады.

Одан кейін, әкімдік ғимаратын кәсіпкерге салдырып сатып алуымыз керек, бұл жөнінде ауыл әкіміне тапсырма берілді, – деді. Яғни, бір кәсіпкер өз қаражатына үй бағытында жаңа әкімдік ғимаратын салса, оны мемлекет есебінен сатып алып, әкімдікке өткізеді. Бағасы арзан, сапасы сын көтереді және уақыттан ұтамыз делінді. Бұл өте құптарлық ұсыныс. Сол секілді көшеге асфальт, тас төсеу жайы да қозғалған болатын. Ол да шешіледі, тек келер жылы газ құбырын кіргізуді бастағанда сол асфальт жолдар қайта қазылмайтынды әрекет етуді тапсырды.

Екпінділік ел күткен жаңа клуб үйі салынатын болды. Аудан әкімі Сенат депутаты Руслан Рүстемұлының еңбегін ерекше атады. Аяқ су мәселесі шешіліп, тоспа салу қарастырылуда. Ол бірақ уақыттың еншісіндегі шаруа. Жарық жүйесі шешіліп тұр, келесі жылы ауылдың жарық жүйесі толықтай жаңғыртылатын болады. Жаңа электр бағаналар мен сымдар, трансформаторлар қойылады. Сондай-ақ, көпшілік күткен газ мәселесі де келер жылы шешілетінін айтты.

– Жыл соңына дейін 5 ауылдың газын кіргізуге жұмыс жасалады. Бұйырса, келесі жылы Төменарық аймағындағы 5 ауылдың газ құрылысын бастауға ниеттіміз. Оған мемлекет тарапынан 5 млрд теңгенің



қаржысы кетеді. Бұл мәселеде бізге жерлесіміз, депутат Мұрат Әбенов тілектес болуда. Жақсының жақсылығын айту керек, келер жылы 5 ауылдың газ құбырларын бастасақ, Құдай қаласа, 2025 жылы толық аяқтауға мүмкіндік бар. Одан кейін, Сыр беткейге көшеміз, – деді Мұрат Жолкелдіұлы.

Тағы айта кететіні, биыл 10 ауылдың арқасы заманға сай түрленіп, қайта бой көтерді. Келесі жылы Екпінді ауылының да арқасы салынатынына аудан әкімі уәде етті.

**Сүттіқудықта да жарық мәселесі шешіледі, көшені абаттандыру, жол салу жөнінде де жасалатын жұмыс бар. Бұл ауылдың да басты талабы көгілдір отынның келуі. Одан бөлек, клуб үйінің жаңғыртылуы мен аяқ су мәселесі көтерілді. Иә, аяқ су барлық ауылдың бірінші кезектегі тілегі. Өйткені, ауылдағы ағайынның тіршілігі мал және егін шаруасы. Әсіресе, жұр-анадан нәпақасын тауып отырған бұқара судан таршылық көрмеуді тілейді. «Тайпақкөл-Қандарал» көлдер жүйесін тазалау бойынша ҚР Экология геология министрлігінің Су ресурстары комитетінде құрылыс жобалау (пир) жұмыстары жасалады.**

Ал, Төменарық тұрғындары қаншама жылдан бері шешілмей келе жатқан аурухана мәселесінің оң қорытындысы шыққанына қуанып, бөрікін аспанға атуда. Өрине, қуанатындай жағдай. Келесі жылы пайдалануға беріле, бір емес, 5 ауылдық округ тұрғындарына қызмет жасайтын аурухана жаңа үлгідегі жабдықтармен жабдықталады. Аудан орталығына уақыт жоғалтпай ауылдан ел-дом алатын мүмкіндікке көпшілік кездесуде тек алғыс айтумен шектелді. Тіпті ақушерлік кабинеттің де қосылуы әбден мүмкін, жаңа жедел-жәрдем көлігі беріледі. Ауыр халдегі науқастарды аудан немесе облыс орталығына жеткізетін көлік болады.

Одан бөлек ауыз суы шешіліп, жолдар келер жылы жөнделеді. Алла сәтін салса, осы қыста ауыл халқы көгілдір отынның игілігін көруге ниетті. Тіршілігі тұрақты Төменарықта ілкімді істер аз емес. Аудан басшысы аурухананың құрылысын сапалы, әрі уақытылы бітіруге ауыл халқының қолдан келсе жәрдемші болуына шақырды. Басталған іске жәрдемші болуына, кедергісіз бітіруге тілеулес болып, ақ баталарын беріп отыруға үндеді. Өте дұрыс. Сол секілді Қожамберді тұрғындарының да тілеуі бір. Ол – газ, жол, аяқ су, Төменарықтағы аурухананың құрылысы. Қожамберді ауылында жекеменшік әріптестік аясында салынып жатқан спорт кешенінің қаржы мәселесі шешілсе деген тілек болды.

Енді әр ауылға тапсырылғандай, ауылға кіре беріс күретамыр көшелер кент орталығындай жарқырап, елге қажетті демалыс паркі немесе жастар баратын рухани орталықтар салынуы тиіс деп тапсырма жүктеді. Сондай-ақ, әрбір жаңа арқаның түнгі көрінісін жарқыратуы үшін жарық қойылуы керек. Ол да жылдан қалмайтын шаруа.

Түс аяу Сыр беткейдегі ауылдарға жол жүрдік. Алдымен Қырқесек ауылына аялдадық. Егін мен төрт түліктен тіршілігін түгендеп отырған берекелі ауылда да жасалынып жатқан жұмыс аз емес. Ауылда көнерген клуб үйі қайта жаңғырып, көшелер асфальттануда. Жалпақ тілмен айтқанда, ауыл келбеті көркейіп, әлеуеті артып келеді. Сауал арасында “Іңкәр-ай” мемлекеттік балабақшасының акт залын салып беру туралы ұсыныс түсті. Мектеп пен балабақшаларға облыстық білім басқармасы жауап беретін болғандықтан бұл жұмысты тездетуге өтініш жеткізілетін болады. Жыл сайын жаңғырып келе жатқан Жаңарықтағы жұрт та аяқ судың күйін күйттеді. Күршілікке су беру мәселесі диқандарды жыл сайын алаңдатып қояды.

2024 жылы ротация бойынша егілетін егістік алқаптарға, оның ішінде күріш алқаптарда биылғыдай аяқ судың тапшылығы туындауы ықтимал. Соған орай шаруа қожалықтарға келесі жылға мүмкіндігінше суды аз көлемде қажет ететін өнімдерді егуге түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Одан бөлек, ауыз судан да проблема туындаған болатын. Ол да ретке келтірілді.



“Жайлы мектеп” жобасы аясында ауылда жаңа білім ордасы бой көтеріп жатыр.

М.Нәлібаев ауылдық округінде де биыл жаңалық көп. Ең бастысы, ауыл халқына заманауи спорт кешені берілді. Каналдар тазалау мен насос мәселесі осы бастан реттелуде. Ерте көктемде егіс басында кетпенің арқалайтын диқан қауымға бүгіннен қамдану керектігі айтылуда. Өзгерткіштер жақын күндері жап-жаңа клуб үйіне кіретін болады. Бұл жолғы елмен жүздесуді ауыл әкімі округе қарасты Ақсуатта өткізді. Көпшіліктің сұрауларына жауап берген аудан басшысы электр жарығы мен жолдар бойынша атқарылып жатқан жұмыстарды жүйеледі. Ойын алаңқайы туралы да айтылды. Бәрінен бұрын әбден тозған білім ордасына күрделі жөндеу жүргізуді жеткізді. Мектептің сыртқы және ішкі жұмыстарына күрделі жөндеу жасауды келесі жылдан қалдырмауды тапсырды.

Екінші күнгі сапардың соңғы ауылы Қожакентке келдік. Каналдар тазалау да бұл ауылдың басты мәселесі. Одан бөлек, 1985 жылы салынған №168 орта мектепке «TechPowerBuild» ЖШС-нің 23.11.2022 жылғы №62 «Ғимараттың техникалық жағдайы жайлы» экспертиз қорытындысымен ғимарат авариялық жағдайда деп танылған.

2023-2027 жылдарға құрылысы қажет, оңтайландырылуы тиіс білім беру объектілерінің «Елді мекендерге арналған өңірлік стандарттар жүйесі бойынша құрылысын салуды қажет ететін объектілер» тізіміне енгізілген. Бюджет мүмкіндігіне қарай шешілетін болады. Жалпы құт қонған Қожакентте ілкімді істер аз емес. Аймақтағы үздік ауылдар көшінде тұруы да заңдылық. Қалғанын уақыт көрсетеді.

\*\*\*

Су тапшылығын көріп, егіншілік саласын әртараптандыруды қуаттаған Сыр беткейдің диқандары қамбаға астығын жинап, алдағы көктемгі науқанға дайындығын бастапты. Қамыс-қоңқаға толған каналдың көзін ашып, ағын судың еркін көсілуі үшін білек сыбана іске кіріскені байқалады. Күрші озаттары тұратын Аққорған ауылының тұрғындарымен жылы жүздескен аудан әкімі Мұрат Жолкелдіұлы биылғы жылы атқарылған жұмыстар төңірегінде сөз етті.

– Жаңақорған ауданының 95 жылдық мерейтойы жоғары деңгейде атап өттік. Той қарсаңында көркейтуді қалғандары жұмысы қарқынды ұйымдастырылды. Республикалық ақпарат айттысы, 95 түрлі мәдени-спорттық іс-шаралар өтті. Әр ауылда маусым сайын кездесулер өтіп, халықтың мұң-мұқтажына құлақ асып, еленбей жүрген келелі мәселелер өз шешімін тапты. Аққорған ауылында осы кездесуге дейін айтылған 5 мәселені назарымызда ұстап, жыл аяғына дейін берген уәдемді орындадық. Тағы да сіздердің алдарыңызға мұң-мұқтажтарыңызды тыңдауға келдік, – деді.

Расында, аудан әкімінің кездесуінде айтылған бес мәселенің түйіні тарқатылған. Тарқата айтса, Түгіскен ауылы бойынша электр желілері тозығы жетуге орай, елді мекендегі тұрғын үйлер секторының инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым құрылысы (электр желісі) бойынша демеушілік арқылы жоба сметалық құжаттама әзірленіп, сараптамадан оң қорытындысын алды. Сонымен қатар, осы жылдың үнеміделген қаражат есебінен Түгіскен елді-мекені көшелеріне тартылатын электр желісін жүргізу үшін қауымдық сервитут белгілеуге 3,2 млн теңге берілді. Электр желісіншіл жұмыс сметалық құны – 683,1 млн теңге.

Көпшілік кездесуде ауылға бағытталған жұмыстарға елдің көңілі толғаны байқалды. Мұны біз аудан әкімі Мұрат Жолкелдіұлына деген халықтың ақ тілектерінен аңғардық. Соның бірі еңбек ардагері, Аиша Наубаева: – Сіздің басшылығыңа келгеніңізге көп уақыт болмаса да әр салада ілгерілеу байқала бастады. Әсіресе, кенттің ажары артып, 50 отбасына баспана сыйлап, елді риза еттіңіз. Аққорған ауылында бірнеше көшеде жарықтандыру жұмысы басталды. Ауыз су да жүргізілді. Мұндай игілікке қолымыз жеткеніне ел болып қуанып отырмыз, – деді ол.

\*\*\*

Аудан әкімінің елді мекендерге сапары жалғасуда.

Жаңақорғанның жампоздары



## ОЛЖАС ТОКИОНЫ ТАМСАНДЫРДЫ

Апта басында Жапонияның Токио қаласынан сүйінші жаңалық жетті. Жерлесіміз қазақ елінің мақтанышы дзюдошы Олжас Оразалыұлы бөсі биік турнирде жүлдемен оралды. Жыл сайын өтетін парадзюдодан “Grand Prix Tokyo” халықаралық турниріне биыл 42 мемлекеттен 400-ден аса спортшы қатысып, бақтары сынға көрді. “Grand Slam” сынды байрақты турнирдің биік тұғырына көтерілген Олжасқа бұл жолы күміс бұйырды.

Олжас өз салмағы, яғни 73 келіде бозкілемге көтерілді. Спортта басты бәсекелестерінен басым түсіп, әлемдік рейтингте үздік үштікке енетін қазақ балуаны ақтық сынаға дейін сүрінбей өтті. Тек жарыс қожайынына есе жіберіп, алтыға бергісіз күмісті еліне сыйлады. Бұл балуанымыздың биылғы жылға үшінші ірі жеңісі. Жақында ол сары құрлығатын бағындырып, Азияда теңдесіз екенін дәлелдеп келген еді. Қытай елінің Ханчжоу қаласында Азияның кіл мықтыларының басын қосқан IV жазғы пара Азия ойындарында қазақ дзюдошылары атой салып, ел қоржынына 14 жүлдені салып берген еді. Оның ішінде, жерлесіміз, жаңақорғандық Олжас Оразалыұлы алтыннан алқа тағынды.

Нәтижесінде пара дзюдодан ұлттық құрама Азия пара ойындарында медальдік есепте 2-орынға орнықты. Бірінші орында 5 алтын, 2 қола және 4 күміс медальмен Қытай тұрса, үшінші орынға 2 алтын 1 күміс, 3 қола медальмен Иран тұрақтады. Азия ойындарының алғашқы жарыс күні қазақ елін алтынмен сүйіншіледі. Ол J2 санаты бойынша 73 келі салмақта өнер көрсетіп, туымызды көкке желібертті. Жартылай сында Токио Паралимпиадасының қола жүлдегері жапониялық Юджири Сэтоны 10:0 есебімен жеңіп финалға шықты. Ақтық бәсекеде өзбекстандық Феруз Саидовты «иппон» әдісімен таза жеңіп, алтынды сыйға тартты.

– Төрт жылда бір келетін Азияның басты спорт додасы болғандықтан қарсыластар өте мықты дайындықпен барса, бұл жарыстың да шоқтығы төмен емес. Дзюдодан жапондықтар рейтингте бірінші тұрады. Кейінгі жылдар өзбекстандық балуандар да көште келеді. Міне, сондай мықты қарсыластарды жеңіп, алтын алғаныма қатты қуандым. Бұл тек менің ғана жеңісім емес, барша қазақстандықтардың ортақ жеңісі. Жанкүйерлер мен бапкерлеріміз алғыс айтамын. Бұйырса, келер жылы Париж төрінде де өнер көрсетіп, байрақты желбіретемін деген сенім бар, – деді чемпион.

Иә, келесі жылы Парижде паралимпиада ойындарының алауы тұтанады. Біз сол додада Олжастың алтын тұғырдан көрінуіне тілекшіміз. Жанарбек Сансызбаев пен Руслан Беркімбаевтың тәлімін алатын Олжастың алғашқы бапкері Біржан Иманбаев екенін мақтана айтуымыз керек. Төл шәкіртің әрбір төрге озғанын сүйіншілеп, ауылдағы ағайынның қуанышымен бөлісетін алғашқы бапкеріміз де тілдескен едік.

– Олжастың әрбір жетістігі менің де мерейімді өсіріп тұр. Шыны керек, Олжастың таланты бала кезден байқалып, спортқа деген шынайы махаббатына сол кезде куә болған едік. Енді міне, Әлем чемпионы болды, Азия ойындарының алтынның арқалады. Бұйырса, Олимп шыңын күтеміз. Ауылдағы ата-анасы мен достары үнемі демеп, жанкүйер болып, тақымды қысып отырады. Жеңісті күндері көп болсын деп тілейміз, – деді бапкері Біржан.

## ҚАНАТҚА ҚОЛА БҰЙЫРДЫ

Сыр елінің еркін күрес балуандарының көшін бастап жүретін Қанат Мұсабеков биылғы жылды жақсы нәтижемен түйіндеді. Қарағанды қаласында өткен Кеңес Одағының батыры Нұркен Әбдіровты еске алуға арналған грек-рим және еркін күресінен республикалық турнирде ол қоламен қанатты. Иә, турнир демесеніз, елдің кіл мықты балуандарының басын қосқан додада Сыр елінің балуандары да барын саады.



74 келіде ұлттық құраманың үздік үштігіне енетін Қанат бұл турнирге өз салмағында өнер көрсетті. Жартылай сынаға дейін сүрінбеген ол тек аз ғана ұлаймен есе жіберіп, қола үшін белдесуге мүмкіндік алды. Тәжірибелі балуанға бұл сында қол бұйырып, жерлестері, жаңақорғандық жанкүйерлер дән риза болды. Марқұм Қайрат Оралбековтың төл шәкірті қазір Серік Абдімауленовтен тәлім алып, әлі де айтары барын білдіріп жүр.

– Биылғы нәтижелер көңіл қуанта қоймады. Алла жазса келер жылға дайындық осы бастан басталды. Мақсатым алдымен ел чемпионы атану, одан кейін Азия чемпионы бар, одан кейін Олимпиадаға жолдана алатын турнирлер бар, Әлем чемпионы да күтіп тұр. Сондықтан, бар күш-жігерімді салуға тырысамын. Өйткені, менің де спорттық мансабым аяқталуға жақын. Әзірге бойымда қуат барда арман-мақсатыма жетуге тырысамын. Қалғанын уақыт көрсетер деді, – деді балуанымыз. Иә, Қанат қазір Сыр елінің еркін күрес балуандарының тізімінде көш басынды. Біз Қанат және Азамат Шағағұлыдан сүйіншілейтін жаңалық күтеміз. Алла жар болсын дейміз.

Әлібек ЖАРЫҚБАЕВ

# “КӨЛЕҢКЕЛІ ЭКОНОМИКАНЫ” ТЕЖЕУДІҢ ЖОЛЫ БАР МА?

(Жалғасы. Басы 1-бетте)



Үлкен сауда орындары болсын, шағын кәсіпкерлік нысан болсын сауда айналымын аз мөлшерде көрсетеді. Яғни, кәсіпкерліктің тіркелуі, белсенді кәсіпкерлердің үлесі жағынан көрсеткіштеріміз жақсы болғанымен, кәсіпкерлердің табысы, тауар айналымы, ондағы жұмыспен қамтудың үлесі өз деңгейінде емес немесе жариялық жетіспей тұр дегенге сайды.

Жақында аудан орталығындағы «Айсара ана» ірі сауда үйіне барып, кассасының маңында 30 минут тұрдым. Сауда қызу жүріп жатты. Касса алдында ұзын-сонар кезек. Осы қысқа уақытта 20 адам сауда істеді. Олар орта есеппен 15-20 мың теңгеге сауда жасады десек, тәулігіне кем дегенде 3 млн теңгенің айналымы болады. Сонда тәулігіне 3 млн теңге көлемінде сауда жасаса 1 жылда 1 млрд теңгеге сауда жасайды екен. Одан кейін кенттегі «Ғани» сауда орында бар-жоғы 10 млн теңгенің ішінде 3 кассада 10 адам сауда жасады. Оның арқасында кемінде 5 мың теңгеге сауда істеді дейік. Сонда 10 минуттың ішінде жек дегенде 50 мың теңге сауда болды. Бір сағатта 60 минут десек, 300 мың теңге. Бір күнде 12 сағат жұмыс жасады десек, сонда (12x300=3600000) 3 млн теңгеге сауда болды деген сөз. Мейлі 2 млн теңгенің саудасын жасасын. Ал, қолдағы бар дерекке сүйенсек, бұл сауда орны 6 айға 10 млн теңге салық төледі. Енді, өзіңіз болжай беріңіз, біздің еліміздегі экономикалық ахуалдың жайын. Бұл бір ғана емес, барлық кәсіпкерлік нысандар оңай олжаға осылай әрекет етуді әдет қылды.

Сонымен қатар, кенттегі «Береке», «Қара Бұра», «Магнит» және т.б. ірі-ірі сауда орына арнайы бардым. Әрине, тексеру үшін емес. Журналист ретінде мән-жайға терең қанығу үшін. Бір ғана Хорасан ата көшесінде көлікке қызмет көрсететін орындар, автөбөлшек сататын магазиндер, азық-түлік және күйрәліс заттарын сататын сауда үйлері, кафе мен мейрамхана және т.б. кәсіпкерлік нысандар бар. Тіпті кенттегі кәсіпкерлік субъектілерінің басым бөлігі осы өшеде секілді. Бірақ бұл нысандардан кассалық апаратты табу қиын. Міне, көлеңкелі экономика осыдан қалыптасады. Кәсіпкерлер табысты жасырып, салыққа болмашы қаржы төлеп отырғаны анық. Біз соған көз жеткізе түстік.

Президент бизнесті тексеруге мораторий жариялады. Өте дұрыс шешім, байыпты бастама. Иә, кәсіпкерлер үшін үлкен қолдау. Енді кәсіпкерлер елдіктің бір жүгін көтеруде елдің қазынасына әділетті салық төлеуді ойлауды да керек-ақ. Озық елдердің тәжірибесінен осыны көруге болады. Көлеңкелі экономиканың көлемін төмендету – ел алдында тұрған маңызды міндеттің бірі. Яғни әлдекімің қалтасына түсіп жатқан жасырын табысты анықтап, мемлекет қоржынына түсіру маңызды мәселе. Осы ретте, ауданымыздағы кәсіпкерлердің жай-күйін білу мақсатында аудандық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімінің басшысы Марлен Нұртазаевпен тілдесуді жөн көрдік.

– Білесіз бе, облыста ең кәсіпкері көп біздің аудан. Қазір мемлекет тарапынан шағын және орта кәсіпкерлерге қолдау көрсетіп, мейлінше жағдайларын

жасап жатыр. Мысалы, мемлекеттік гранттан, аз пайыз мөлшерінде несиелер, субсидия сынды түрлі жобалармен жұмыс істеймін, қандай да бір кәсіп көзін ашамын немесе жалғастырамын деген адамға жол ашық біздің елде. Мысалы, Германияда мемлекеттік түсімнің 60 пайызы осы шағын кәсіпкерлерден түседі екен. Бірақ, олар белгілі заңның аясында нақты мемлекетке салық төлеп отыр. Бізде кәсіпкерлерге мораторий жарияланған, біз өз кезегімізде оларға нақты шара көре алмаймыз. Қазіргі уақытта күн сайын аудандағы кәсіпкерлерлік нысандары аралап, түсіндірме жұмыстарын жүргізіп жатырмыз. Бірақ одан нәтиже жоқ. Өйткені, заң жүзінде кәсіпкерлерге ешқандай шара қолдан алмаймыз. Егер осы сауда орталықтарының барлығы жеке кәсіпкерліктен «ЖШС-ға» өтсе, ай сайын есеп беріп, салық төлейтін еді. Әрі қызметкерлерінің әлеуметтік төлемдер (зейнетақы және медициналық сақтандыру қоры) жүргізеді. Бұл – жұмыс берушіге де, жұмысшыларға да өте тиімді. Осы бағытта кәсіпкерлер арасында түсіндірме жұмысын жүргізудеміз. Одан басқа қолдан келетін шара жоқ. Біле білсек, елдің қазынасы – салықтан құралады. Біз осыны түсінуіміз керек. Сол себепті кірген кіріс, шыққан шығыс – бәрі жіті қадағаланып отырады. Әрі ортақ қазынаның ортаймауына әрбір азамат жауапкершілікпен қарап, мемлекет алдындағы міндетке бейкамдық танытуына әсте болмайды, – деді сала басшысы.

Иә, салық түсімін арттыруда тағы бір теріс әсер ететін жайт, салық есебін нәлдік көрсеткішпен тапсыру немесе табысын жасыру соңғы кездері кең етек алған. Бұл көрсеткіш ауданда тіпті шарықтап тұр. Әлі күнге дейін бірқатар жұмыс берушілер еңбекқаны «конверттегі жалақы» тәсілімен төлеп келеді. Бұл – ең алдымен кәсіпорындардың салықтан жалтаруы, тауар айналымын жасыру әрекетінің көрінісі. Ортақ қазынаның ортаймауына әрбір азамат жауапкершілікпен қарап, мемлекет алдындағы міндетке бейкамдық танытуына әсте болмайды. Бұл ретте, аудан тұрғындары салықтық міндеттерін орындауға қаншалықты атсалысуда? 2021 жылы салықтық төлемдер қалай орындалып жатыр? Бұл сұрақтарға аудандық Мемлекеттік кірістер басқармасының бөлім басшысы Талғат Мұстафаев төмендегіше жауап берді:

– Шыны керек, қазір аудан көлемінде заңсыз сауда, яғни салық төлеуден жалтаруы, кірістер басқармасына тіркелетіндер көп. Көлеңкелі экономиканың тежеу жолы бірінші салық органына тіркелмей жұмыс жасайтын тұлғаларды тіркейтін тісті салығын төлету. Басқарма тарапынан жыл басынан тіркелмеген 24 тұлғаға тиісті шарасы көріліп сот қаулысымен айыптал салынған. Өздеріңізге белгілі, тіркелмей жұмыс жасап жатқан тұлғалардың басым бөлігі жолдаушы тасымалдаушылар. Бұл бағытта жұмысты жандандыру үшін полиция қызметкерлерімен рейдтік тексеруді ұдайы жүргізу керек. Қазіргі таңда аудан көркейіп сауда нүктелерін салып жатқан кәсіпкерлік субъектілері көбеюде. Алайда аталған тұлғалар тиісті 700.00 немесе 701.00 нысанды салық есептілігін тапсырып мүлік салығын төлеуі тиіс. Әрине, кәсіпкердің ішінде салық-

тық міндеттемесін орындап салығын уақытылы төлеп отырғандар баршылық. Басқармамен арнайы талдау жүргізіп мүлік салығын төлемеген немесе ғимаратты аз бағалап салығын төдеген салық төлеушілерге хабарлама шығарылып бюджетке қосымша 45 млн теңге салық өндірілді.

Сонымен қатар камералдық бақылау бойынша басқармамен 52.3 млн теңге салық түсірілді. Көлеңкелі экономиканы азайту үшін қосымша тұтынушылар да бақылау касса аппаратынан чек талап етіп отыруы маңызды. Талдау барысында салық төлеушілердің басым бөлігі кәсіпкерлігін ашқанымен нақты табысы болмағандықтан салық есептілігін 0-дік көрсеткішпен тапсыруға мәжбүр болуда. Алайда салық кодексінің талаптары бойынша 0-дік көрсеткішпен салық есептілігін тапсыруға тыйым салынбаған. Осыған байланысты камералдық бақылаумен немесе уәкілетті органдардың мәліметіне сәйкес табысын жасырып отырған салық төлеушілер тізімі алынып бағалау көрсеткіші осы арқылы белгіленсе деген ұсынысымыз жүзеге асса нұр үстіне нұр, – дейді жауапты маман.

Осы тұста, аудандағы қаржы саласының ардагері Жамур Мүсілімнің өз айтары бар:

– Бұл мәселеге менің ойымша әзір тежеу де, тосқауыл қою да қиын. Өйткені, біздегінің бәрі алып сатумен ғана айналысады. Олардан не салық сұрайсың? Негізінен өндіріске бет алмай алып сатумен салықтың бүйірін толтырамы деген қиындау- ау. Меніңше, мүлік салығын қайта зерделеу керек болар. Қазір екінің бірінде сауда үйлері, жеке балабақша, жеке мектептер бар. Аудандағы мықты кәсіпкерлер өндіріс алуға құлықсыз, әйтпесе шикі зат көздігі ауданда жеткілікті ғой. Мал шаруашылығы да, егін көлемі де жақсы. Бірақ қызығушылық жоқ. Шикізат күйінде сатып соған маз болып жүрміз. Өндіріс орны болмағандан кейін жұмыс орындары қайдан болсын. Барлығы жалдамалы. Одан салық түспейді, айлығын қолма-қол алады. Кафедра, сауда орындарында бәрі жалдамалы сатушылар, даяшылар т.б. Олардың зейнетақы қорына ақша түспейді, табыс салығы есептелмейді, медсақтандыру төленбейді, өйткені оларға ауызша келісіммен айлық беріледі. Міне көлеңкелі бизнестің бір түрі. Таңнан кешке дейін мұздықая болып күніге 3-5 мың теңге алып, дерекке де шыға алмайды. Өйткені ол жұмыссыз. Оларға да обал. Әрі салық жоқ әрі жұмысшылардың жағдайы жоқ. Мұсылманшылық әсте-әсте, бұл да ретке келер. Егер ауданда өндіріс орындары ашылса, жұмыссыздық деңгейі азайып әрі салық та өз деңгейінде түсер еді, – дейді қаржы саласының ардагері.

Осы жерде АҚШ-тың салық жүйесі қазіргі уақытта әлдедегі ең озық жүйелердің бірі болып табылатынын зерделедік. Қоғамның экономикалық белсенді топтарынан алынатын алымдар федералдық бюджеттің негізгі бөлігін қамтамасыз етеді екен. Яғни, заң қатал деген сөз. Егер салықты өз деңгейінде, өз дәрежесінде төлемеген жағдайда бірден барлық қызметтерге бұғат қойылып, үйден шығуға қауқарсыз болып қалады екен. Ал, Қытайдың тәжірибесіне сүйенсек, мемлекеттің негізгі тірегі – дамыған шағын және орта бизнес. Міне, ресми Пекин бизнесті дамытуға айрықша көңіл бөліп отыр, екінші жағынан, есептілікті сәтті үйлестіреду. Миллиардтар еліне бұл қалай жүзеге асуда деп ойларсыздар? Қытайда кәсіпкер бір рет салық есептілігін нәлдік көрсеткішпен тапсырса, «сенісіз кәсіпкер» ретінде бағаланып, жұмысына шектеу қойылады екен. Ал, бізде субсидияны миллиондап алса да, салық төлегенде сол қоматқы қаржы көрсетілмейді. Бәлкім, тек өзімізді болсын, өзгенің «бұл болмаса құл болсын» деген тоғышарлық психологиядан әлі арыла алмай жүргендіктен болар. Мұның бағасын психологтар мен әлеуметтанушылар берер. Бір анығы, ауданда көлеңкелі экономиканың үлесі басым...

**P.S.** Салық – айналып келгенде өзімізге қайтатын капитал. Көшелердің жарықтандырылуы, құрылыстардың қарқын алуы біз бен сіздің салып отырған салықтан жүзеге асырылады. Біздің мақсат осыны түсіндіру, ұғындыру ғана...

Ал, ата-аналар неге мұғалімдерге жиі сыйлық жасайды? Жасыратыны жоқ, баласы мектепке барған ата-ананың ұялы телефонында ватсап желісінде «ақылдасу чаты» деген топтар пайда болады. Мектеп қарсаңында осындай чаттар «қалайға сыйлыққа ақша жинаймыз» деген смс хабарламаларға толтынып бар. Алтын өшекей, қымбат сөмке, гүл, миссулар сатып алуға жанталасқан жандар баласына жақсы бағаны осылайша еншілетеміз деп дәмеленсе керек.

Осындай жағдайлардан арыймай тұрған қоғамға үн қатып, жемқорлықтың жолын тыю мақсатында Президент Қасым-Жомарт Кемелұлының кешегі жолдауында айтылған: «Қандай да болмасын сый-сияпат жасау доғарылысы, мамандар арнайы конкурс арқылы қабылданатын болсын» деген тапсырмасы қарапайым халықтың пайдасына шешілгендей.

Сөзімді түйіндей келгенде айтарым, Әділетті Қазақстан әділетті мектептен басталады! Сондықтан әр баланың мәңгір болашағы үшін «бармақ басты, көз қысты» іс-әрекеттерден толық арылып, зейіні мен дарынын шындау ортақ іс. Былықтардан бойды тазартып, әділет жолында күш біріктірсек ғана парасыз һәм пайдасыз істен арылатынымыз айқын.

**Ерқанат ПАТЕНОВ,**  
**«Жаңақорған тынысы»**  
**газетінің тұрақты оқырманы**

# ОБЛЫСТЫҚ ДЕБАТТА ДИРЕКТОРЛАР ТОП ЖАРДЫ



«Дарын» облыстық қосымша білім беру орталығының ұйымдастыруымен Қармақшы ауданында 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күні мерекесіне орай жалпы білім беру ұйымдарының мектеп директорлары арасында «Тәуелсіз ел болашағы – білімді ұрпақ» тақырыбында облыстық дебат турнирі өтті. Білім басшыларының басын қосқан турнирдің мақсаты – білім саласындағы мәселелерді шешу жолдарын қарастыру, өзара пікір алмасуды мақсат етіпті.

Сөз саясына түскен мектеп басшылары арасында ауданымыздан барған «Нар-Жан» фракциясы яғни

Жахудаев Нариман мен Ахметжанов Жанболат II орынды жеңіп алды әрі Жахудаев Нариман «Үздік спикер» номинациясына ие болып, аудан абыройын асқақтатты.

Жеңіс тұғырынан көрінген жерлерімізді аудандық білім бөлімі басшысының міндетін атқарушы Бекжан Шахизатулы арнайы қабылдап, жылы лебізін білдірді. Білім саласының тізгінін ұстаған азаматтар, марапаттарыңыз құтты болсын!

**Ақниет МӘДІХАНОВА,**  
**Аудандық білім бөлімінің**  
**әдіскері**

# МҮГЕДЕКТІГІ БАР АДАМДАРДЫ АБИЛИТАЦИЯЛАУДЫҢ ЖӘНЕ ОНАЛТУДЫҢ ЖЕКЕ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ОРЫНДАЛУЫ

Мемлекет басшысының жарияланған ауқымды реформаларын маңызды аспектілерінің бірі азаматтардың әл-ауқаты мен өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған жаңа әлеуметтік саясат. Осыған байланысты ең үздік халықаралық тәжірибелі ескері отырып, мемлекеттік қолдауды белсенді тағайындау үшін отбасының цифрлық картасын енгізуді, балаларды әлеуметтік қорғау шараларын күшейтуді, мүгедектігі бар адамдар үшін, әсіресе ауылдық жерлерде арнайы әлеуметтік қызметтердің қолжетімділігін арттыруды көздейтін Әлеуметтік Кодекс қабылданды. 2023 жылдың І шілдесі айынан бастап, бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға санаторий-курорттық емделу қызметіне әзірленген абилитациялау мен оналтудың жеке бағдарламасына сәйкес жылына бір рет 40 (қырық) айлық есептік көрсеткіш мөлшеріндегі еңбек күшінің шығындарын өтеп беру үшін жұмыстары жүргізіледі.

Мерекелік іс-шара өткізіліп, сыйлықтар берілді. Жыл басынан бері тұрмысы төмен отбасыларға ортопедиялық аяқ киім, жөргектер және 91 отбасына 1525000 (бір миллион бес жүз мың) теңге көлемінде қайырымдылық көрсетілді.

Аудан бойынша 7925 зейнеткерлер, 2274 мүгедектігі бар адамдар бар (оның ішінде 1-топтағы – 187, 2-топта – 644, 3-топта – 914, мүгедек балалар – 529). Біздің бөлім жалпы мүгедектігі бар адамдар ішінен абилитациялаудың жөне оналтудың жеке бағдарламасымен қамтылғандармен (1350) жұмыс жасайды. Бұл азаматтарға санаторий-курорттық, протездік-ортопедиялық, арнаулы жүріп-тұру, тифло-сурдотехникалық, міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз етумен, 1-топтағы мүгедектерге жеке көмекші қызметімен, естуі бойынша мүгедектерге ымдау тілі мамандарының қызметімен қамтамасыз етіліп келеді. ҚР Үкіметінен бекітілген 2021-2025 жылға дейінгі «Аманат» партиясының «Әзгеріс жолы» «аркіміге лайықты өмір!» атты саяси бағдарламаның жол картасын орындау мақсатында аудан бойынша 2023 жылы 33 объекті мүгедектігі бар адамдарға бейімдеу жоспарланып, жылы соңына дейін толық орындалып, қолжетімділіктің интерактивті картасына енгізілді.

**Жаңақорған аудандық жұмыс істейтін және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі**

## Хабарландыру

«Шалкия Цинк ЛТД» АҚ «Оң мақұлдау ала отырып, «Шалкия» кен орнында қатты пайдалы қазбаларды өндірудің салдары жою жоспарына өзгерістер енгізу» жобасы бойынша қоғамдық талқылау түріндегі қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды. 2023 жылғы 22 желтоқсаннан 2024 жылғы 8 қаңтарға дейін бірінші экологиялық порталдың сайтында жария талқылаулар өткізіліп, ескертүүлери мен ұсыныстар қабылданады.

Құжаттаманы әзірлеуші: «Лоцман» ЖШС БИН 160540017658, г. Алматы, А. Асқаров к., 21/20 үй, 2 ғимарат, 2 пәтерлет. +7 701 756 9884, e-mail: yermek.sapakov@mail.ru. Жобалық құжаттамаға тапсырыс беруші: «Шалкия Цинк ЛТД» АҚ, мекенжайы: Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Шалкия ауылы, көш. Мұстафа Шоқай, 32/II, тел. +7(724)35-79-107, e-mail: info@zinc.kz.

Қоғамдық тыңдау материалдарымен <https://ecorportal.kz> сайтында, облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесінің сайтында танысуға болады [Prd@korda.gov.kz](mailto:Prd@korda.gov.kz). Жоба бойынша қосымша ақпаратты тел. +7 7017569884, e-mail: yermek.sapakov@mail.ru арқылы сұрауға болады.

## Объявление

АО «Шалкия Цинк ЛТД» объявляет о проведении общественных слушаний в форме публичных обсуждений по проекту «Внесение изменений в План ликвидации последствий операций по добыче твердых полезных ископаемых на месторождении Шалкия с получением положительных согласований». С 22 декабря 2023 г. по 8 января 2024 г. на сайте Единого экологического портала проводятся публичные обсуждения и принимаются замечания и предложения.

Разработчик документации: ТОО «Лоцман», БИН 160540017658, г. Алматы, ул. А.Асқарова, дом 21/210, корпус 2, кв 2тел. +7 701 756 9884, e-mail: yermek.sapakov@mail.ru

Заказчик проектной документации: АО «Шалкия Цинк ЛТД», адрес: Кызылординская область, Жанакорганский район, поселок Шалкия, ул. Мустафа Шокай, д.32, тел. +7(724)35-79-107, e-mail: info@zinc.kz.

С материалами общественных слушаний можно ознакомиться на сайте <https://ecorportal.kz>, на сайте ГУ «Управление природных ресурсов и регулирование природопользования Кызылординской области» [Prd@korda.gov.kz](mailto:Prd@korda.gov.kz). Дополнительную информацию по проекту можно запросить по тел. +7 701 756 9884, e-mail: yermek.sapakov@mail.ru.

## Мұралық істің ашылғанын хабарлайды

Қазақстан Республикасының «Нотариат» туралы заңының 60-бабы негізінде

Қызылорда нотариаттық аймағының нотариусы Әлайдар Әбушама Әсербайұлы, 16.07.2003 жылы ҚР ӘМ берген №1001505 Мемлекеттік лицензиясы негізінде әрекет етуші, 2023 жылы 26 қазан күні қайтыс болған Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Еңбекші аулында тұрған азамат **Утебаев Сейдуаллы Жорабаевичтің** атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды.

**Мұрагерлері болса мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кенті, Аланкелді көшесі, №134 ғимарат.**  
**Тел: 8(72435) 22 5 55, 8 775 418 45 55.**

Қазақстан Республикасының «Нотариат» туралы заңының 60-бабы негізінде

Қызылорда облысы нотариаттық аймағының нотариусы, Тұрсынбек Мелетбек Салбақович, 24.03.2016 жылы ҚР ӘМ берген №16007254 мемлекеттік лицензиясы әрекет етуші, 2023 жылы 17 тамыз күні қайтыс болған Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кенті, Мұхамеджан Мұсаев көшесі №922 үйде тұрған азамат **Абдраисов Муратбек Батырбековичтің** атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды.

**Мұрагерлері болса мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кенті, Абай көшесі №89 үй.**  
**Тел: 8 (72435) 23 1 23, 8 701 242 44 55.**

# «ЖЕМҚОРЛЫҚ – ЕҢ ҚОРЛЫҚ»

Еліміздің отыз жылда жеткен жетістігі мен бағындырған бөлесінің бәрі адал жандардың бейнеткеш бауырларымыздың ерен еңбегінің нәтижесі дер едім. Жалпақ тілмен сөйткенде, жауырыңды азаматтың жүгі ауыр болғанымен жемісі мол болып, өз отбасы мен Отанын алағ сүйреп көшбасшылық етеді. Міне, осындай әділдікті жақтаған, ары мен абыройын биік ұстаған ұлы тұлғалар отыз жылда еліміздің көк Туын көкте желбіретіп, еңселі ел болуы жолында маңдай терін сарп етті. Десе де, еліміздің аяғына тұсау болып, етекпен шалған жайтар да жоқ емес. Соның бірі – жемқорлық қамытын киген тоғышарлық мәселесі тыйылмай тұрғаны жанымызға батады.

Жасыратыны жоқ, жемқорлық мәселесі қай салада болмасын қыла беріп, елдің ортақ қазынасына қол салушылар қатары артып келеді. Әсіресе, еліміз бойынша білім саласындағы өзекті мәселеге тосқауыл болар дәреме жоқтай. Барлығымызға белгілі, ҚР Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлының Педагогтардың мәртебесін заңмен бекітуі нәтижесінде ұстаз жалақысы төрт жылда 25 пайыздан көтеріліп, еңбекақы 100 пайызға өсті. Әйтсе де, заңсыздыққа барып, ұстаз жалақысы үстінен жосықсыз жымқырып қалсам деген ашкөздіктің көрініс беруі қалай?

Соңғы үш жылда өңірімізде білім беру ұйымдарына 530 млрд теңге қаржы қаралды. Оның 330 млрд теңгесі еңбекақы қорына бағытталған. Мемлекеттің осыншалықты қолдауына нәтижелі білім сапасымен жауап беру орнына орта білім беру ұйымдарында бюджетті дұрыс жоспарлауға, қызметкерлерге артық жалақы аудару, заңсыз жұмсау, тіпті қаржы жымқыру фактілері орын алған. Сондай-ақ, 2020-2021 жылдар аралығындағы қаржы аударымдарына тексеру нәтижесінде орта білім ұйымдарының жауапты тұлғаларына қатысты 16 қылмыстық іс қозғалғаны, жолсыздықтарды анықтау әлі де жалғасып отырғаны халыққа аян.



Статистикалық мәліметтерді сөйлетсе керек, мектеп ішінде көрініс тауып отырған жайттар жаға ұстатарлық. Шындағында, қолына дипломын ұстаған жас мамандардың жұмысқа орналасуында да машақат жетерлік. «Мектепке мұғалім болу үшін 2 млн. теңге беріпті» деген қауесеттер де құлаққа түрпідей тиетіні ақиқат. Осындай парақор басшылардың бірін-сараны ғана істі болғанымен, мұндай былыққа батқандардың қаншасы

арамызда жүргені беймәлім. Бұндай мақсаралылықтың орын алуына өзіміз де кінәлі секілдіміз. «Ұстаздар сағат бөлер шақта бір-білекті жетекшілеріне қымбат сыйлық ұсынады екен» дегенді де көп естіміз. Осы тақырыпта әлеуметтік желілерде жиі көтеріледі. Сыйлық үлестірімеген мұғалім сағаттан құр қалып, мол айлық-табыстан қағылады. Бірлістік жетекшілерін майлап, басшысының аузын байлап алған пысықалардың

биліктілігі қандай? Мұндай сыбайластықтан соң оқушылардың білім сапасы қалай болмақ?

(Жалғасы. Басы 1-бетте)



# БЕРДІБЕК АҒА ЖАЙЛЫ ТОЛҒАНЫС

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі (08.2007-03.2009) лауазымдарында болған. 2009 жылғы 4 наурыздан Шығыс Қазақстан облысының әкімі. Одан кейінгі кезеңде Вице-премьер, Ақтөбе, Жамбыл облыстарының әкімі қызметтерін атқарды. Оның осындай қызмет-лауазымдары біліктілікпен атқаруына ұйымдастырушылық шеберлігі, мол тәжірибесі, мәселені шменіссіз шешетін демократтығымен қатар экономика ғылымдарының докторы болуы да көп септігін тигізді.

Өңірлердің мәдени-әлеуметтік ахуалын көтеруде сөзден бұрын іске көшуді қолай көретін Бекең экономист-ғалым ретінде еркін экономикалық аймақ құру қағидасының мүмкіндіктерін молынан пайдаланды. Оның мысалдары жетіп артылады. Экономикасы тұралаған Қызылорда облысын аз ғана мерзімде өндірісті аймаққа айналдыру, Түркістан қаласының 1500 жылдығын ЮНЕСКО деңгейінде атап өту, Қазақ хандығының 550 жылдығын өткізу сияқты Бекеңнің ұсынған мемлекеттік қызметтегі басқару-ұйымдастырушылық жаңалықтары бұл күнде мемлекеттік деңгейдегі тәжірибеге енді.

қаншалықты тарих мазмұнына кіргетіндігін уақыт көрсетер. Мәселе қоғам мен заманға, Ел мен Ерге қатысты құндылықтардың бұндай өлшемі қай кезде де болған.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында «десоветизация» желеуімен өткен тарихымызды ақ пен қараға бөліп бағалап келдік. Коммунистік идеяға қызмет еткен тұлғаларымыздың барлығына дерлік қара бояуды баттастыра жақпағанымызбен олардың еңбегін елеусіз, ескерусіз қалдыра бастадық. Бұл ресми биліктің ұстанған бағыты ғой. Ал халықтың жады оған қарағанда әлдеқайда тұрақты болып келеді.


Қызылорда облысы болып құрылғалы бері оның тізгіні қолына ұстағандардың арасында елдің есінде қалғандары санаулы ғана тұлғалар. Айтталық, осы кезге дейін өнегесі жыр болып айтылатын Мұстақым Ықанов, Исатай Әбдіқаримов, Еркін Дүелбеков, Сейіпбек Шаухамановтардың қатарында Бердібек Сапарбаев та бар. Олардың өзге әріптестерінен ең басты артықшылығы – мемлекеттік қызметкердің аяқ-қол мен саяси ерік-жігерді тұмшалаған қалыбынан шығып, ел мүддесін жоғары қоятын Тұлға деңгейіне көтеріле алғандығы. Бұл құбылыс басы үшін саяси және азаматтық ерлік болып саналады.

Бердібек Машбекұлы туралы толғанысымыз «Бердібек аға жайлы бастау сөз» деуімздің сыры – ендігі жерде қайраткердің екінші өмірі – халық жадындағы өмірі басталды. Біздің міндетіміз осы тарихи жады ғылыми негізде қалыптастыру болмақ. Өйткені, тарихи тұлғалар арқылы төл тарихымызды тереңдей танитын боламыз.

**Хазретәлі ТҰРСҰН, тарих ғылымдарының докторы, Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Тарих кафедрасының профессоры**

## ЖАҢА КІТАП

**Ақын Файзулла Сахиев оқырман қауымға бірнеше жыр жаңақтарымен танымал. Жақында «Еркін и К» баспаханасынан қаламгердің «Өмірдастан» атты жаңа жинағы кітап болып басылып шықты.**



Кітап төрт бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде туған жерді түлеткен еңбек адамдары туралы жазған өлең-дастандары берілсе, екінші бөлімде өткен күн естеліктерінен тарихи-деректі жазбаларына орын берілді. Кітаптың үшінші бөлімінде «Жүрегіне жыр тұнған ақын» деген тақырыпта қаламгердің әр жылдарда ұйымдастырылған шығармашылық кештерінен көңіл-күй толғаныстары өрнектелген. Төртінші бөлімде «Нар жүгін көтерген қаламгерлер» тақырыбында өзі бірнеше жылдар газетте қызмет атқарғанда өзімен әріптестерімен бірге жазған дастандар туралы толғамды ой өрбітеді. Мағыналы естеліктерімен бөліседі.

Өткен күн өнегесіне қанығып, талант иелерінің тағылымдық мінез-қалыбына сусындағысы келген әрбіріміз үшін бұл жазбалардың орны бөлек. Сондықтан жаңа кітаптың тағатын көптің назарына ұсынып, сүйіншілеуді жөн көрдік. Поэзия әлемінде сара жолы өз алдына, туған жеріміздің мәдениеті мен әлеуетінде өзіндік қолтаңбасы бар шығармашылық иесінің жеке қорында қатталған дүниелерін сарқып есіне түскенде жүрегі бізге етеді. Бейқұна елес кінділі езіп, қатал тағдыр талқысына тартып тастай қатқан құсалы кеуденің мұң-наласына құлақ түріп, маңдайынан сипап жұбатқысы келеді. Бірақ ол жанды қайдан іздеп табар?

**Әсел ИБРАГИМОВА**

Отырысты жүргізіп тұрған едім, әңгіменің ауанын Бекеңнің бүгінгі республикалық шараны ұйымдастырудағы қызметіне қарай бұрдым. Сонда Бекең тебіреніп, толқып тұрып сөйлеп еді. Қазір ойласам, Бекеңді толқытқан жерлерінің ықыласы екен, тебіренген өзі бас болып ұйымдастырған Қазақ хандығының 550 жылдығына деген елдің ризашылығы екен ғой.

Бекеңнің қайраткерлік қызметі жайлы осы кезге дейін бұқаралық ақпарат құралдары қаншама ресми мақалалар жариялады. Тіпті тәуелсіздік жолында дағдарысқа тап болған аймақтар мен ведомстволарды басқаруға үнемі сенім артылуына орай оның «дағдарыс менеджері» деген бейресми атаққа ие болуының өзі көп жағдайдан хабар берсе керек. Әйтсе де Бекең әлдебір шеуеніңер сияқты өзін асыра мақтауға, орынсыз дәріптеуге жол бермеді. Ал Бекеңнің өмірбаяны барынша мазмұнды, қызмет баспалдақтары да бас айналдырарлықтай өте қарқынды сипатта өтті. Ол тәуелсіздік қарсаңында және тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Қаржы министрлігінің қатардағы экономисінен

басқарма бастығына дейін мемлекеттік қызметтің баспалдақтарынан өтті. Білім министрінің орынбасары (1988-1993 жж.); Президент Аппараты Бөлімі мен Қазақстан Республикасы Министрлер кабинеті аппараты менгерушісінің орынбасары (1994 ж.); Қазақстан Республикасы Министрлер кабинеті істер басқармасы Қаржы, еңбек және әлеуметтік қорғау бөлімі менгерушісінің орынбасары, менгерушісі (1994-1995 жж.) қызметтерінде болды. Министрлер кабинеті Аппаратының басшысы (1995 ж.); Қызылорда облысының әкімі (1995-1999 жж.); Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі (1999-2002 жж.) қызметтерін атқарды. Қазақстан Республикасы Көдендік бақылау агенттігінің төрағасы, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Вице-Министрі – Көдендік бақылау комитетінің төрағасы (2002-2006 жж.); Премьер-Министр Кеңесі Басшысының орынбасары – Қазақстан Республикасы Парламент Мәжілісіндегі Үкімет Әкілі (2006-2007 жж.); Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік қалыптастыру министрлігінің Вице-министрі (9.02.2007 – 27.08.2007),



**Биыл түп-тура қырық жыл болыпты. Жетпіс төртінші жылдары Қызылорда медучилищесінің фельдшерлік мамандығын тәмамдаған дипломыңды бойжеткенді Жаңарық елді мекеніне, сол кездегі Задария кеңшарына келін етіп түсірген жігітке ауылда алғыс айтпаған адам қалмады. Өйткені бұл ауыл дәрігерге зәру болып отыр еді.**

**Үш жүздегі түтін саны, екі мыңнан астам халқы бар ауылдағы медпунктке жетпіс төртінші екінші сәуірінен бастап фельдшер етіп бекіткен бес дәрігер Егенберді Әмітовтың бұйрығымен жас маман тұңғыш жұмысқа қалған күні еді, тұмауратқан сәбилерін құшақтаған оншақты ананың ортасында акушерка Қалдығыз апайы жалғыз өзі ем-домын жасап жатыр екен. Кідірмей көзін білетін кәсіптің қиғметін жан-дүниесінен өткізген құштар пейілмен міндетті ісін мінсіз атқаруға кірісіп кетті.**

**Бұл келіннің өзі мінезі сондай болып шықты, тіл де жок, үн де жок. Бірақ міндетіне адал, уәдеге берік, нәп-нәзік бола тұра ісі де, сөзі де нық. Есімі Нысанкүл.**

# Доктыр келін

Ол Сүттіқұдық аулында 1953 жылы майдан жауынгерінің отбасында дүниеге келді. Өміржан, Өмірқұл атты ұлы мен қызын көріп барып соғысқа аттанған әкелері Дәуітбек елге есен-сау оралып, жан жары Рахия екеуі тағы төрт перзентті дүниеге әкелген, төртеуі де жастай шетінен кетіпті. Олардың соңынан көрген перзенті – осы қыздары іштен кіндігі кесіліп туыпты. Назарымбет молданы шақыртып құлағына азан айттырғанда ол кісі «іштен кіндігі кесіліп туылу бұл Құдайдың кереметі, мыңның бірінде кездесетін жағдай, нысаналы болып туған саби екен, есімі Нысанкүл болсын» деп есімін де өзі қойған екен.

Бала кезінен мұның бойындағы ерекшелігін аңдай алған мектепте орыс тілінен сабақ беретін Өмірәлі ағасы «Сен дәрігер боласың, ерекше мейірімнің, нәзік болмысың соған келеді» деп көтермелеп қоятын, ал өзіне келсе емші болу ойда бар ма, жақ па, тіпті тірі доктырды әлі көргенім кезі. Бір күні ауыр сырқаттанып, аудан орталығындағы ауруханаға түскен анасына келген еді. Екі қабаты ғимараттың есігінен енгенде аурухананың кең дәлізінде көбелектей қалықтап аяқ ұшымен жүрген ақ халатты жандарды көргенде аузы ашылып, анасына алып барған ас-ақатты да естен шығып, анырап тұра беріпті. Сол сұқтан бастап жұдырықтай жүрекке дәрігер болсам деген тілектің ұшқыны берік орнығып алды.

Тағдырдың жазуы, тұңғыш еңбек жолын бастаған Жаңарық ауылдық емханасында қырық жыл абыройлы қызмет атқарыпты. Осы жылдар бедерінде бұл бас сұғып, хал-күйі сұраспаған, жағдайын біліп, жанына дәру болмаған бір жанұя қалды ма екен бұл Жаңарыққа?

Кісіге ең бірінші құ жаны артық. Кеселің жанына батып ауырғанда ең жақыныңың да қылар қайраны жок. Осындайда күнің қарап, жаныңды алып қалардай болар дәрігерден артық кім бар?

Ол кезде жедел жәрдем көлігі қайда, аязға

да, жаңбырға да қарамай, жаяу-жалпы қарға омбығып, лайға батып науқасқа бару да оңай емес еді. Бірақ осы қиындықтың барлығының орнын толтырып бойына күш-қуат құятын жастық жалын ба, елдің ықыласы ма, әйтеуір шаршау-шалдығуды білмеппі. Тіпті өзі бекетерінен өмірге әкелгенде орнына адам болмағандықтан декреттік демалысқа да шықпаған екен. Онысын бүгін еске алса не өкінірине, не өкінібесіне ақылы жетпейді. Бір білетіні, осы жылдар ішінде алтын бесікке кіндігі байланып, ауылдағы әр отбасына туғанынан бетер жаныашыр болып кеткені. Көңілге медет ететіні осы.

Бұл құрметке бір күнде қол жеткізген жок. Бұл сан жылдар төккен маңдай тердің жемісі. Елдің көңілінен шыға білгенінің нәтижесі еді.

Бұған бірер мысал келтірейік. Бірде шаруашылықта еселші болып істейтін көкелері қатты науқастанды. Ол кісіге өз келіп үкол егіп тұруға міндеттенген, әсіресе таңғы бесте келіп салатыны қиын тисе де жиырма күн бойы сыр бермей атқарып шықты. Қатты риза болған көкесі «Қарағым, еңбегің кісіден қайтпауы мүмкін, бірақ Жаңарықтың қара топырағы біліп тұр, сенің ізң түспеген көше, кірмеген үйің жок, баршаңыздың бата-тілегіміз өміріңді ұзартып, жақсылығы ұрпағыңның алдынан шыға берсін» деп шынайы алғысын жаудырған.

Тағы да мына бір оқиға есінен кетпейді. Бұлардың ауылынан әрі жеті шақырымдай жерде «Балапантөбе» деген мекенде бір ғана шопан отбасы тұрады екен. Сол үйдің жас баласы медпунктке енгізіп жетіп, анасының нашарлап жатқанын айтады. Қолына керек-жарағын ілген Нысанкүл бұрын барып көрмеген, сорайған мұнаның басы көрініп тұрған бағыты бетке алып жаяулатып тартып келеді. Екі сағаттан аса уақытта диттеген жеріне келді. Келсе, үй ішінде үш-төрт бала жұр, отағасы мал бағып кеткен екен. Жүкті анадан қан кетіп ес-түссіз жатыр. Келе қан қысымын өлшеп, тамыра дәрі жіберсе

бастады. Екі сағаттай системада жатқан науқасқа әл кіріп көзін ашты. Егтеп маңдайы жіпсіп, тілге келді. Не керек, сол үйде жарты күн отырып, ана өмірін ажалдан арашалап қалды.

Нысанкүлдің бір қасиеті, біреу қатты науқастанып жатыр дегенді естісе үйде тағат тауып отыра алмайтыны. Қайткенде сол жанға көмектесіп, ажалға араша қыларлық бір қарекет жасауы керек. Мына мысал соның дәлеліндей. Екі мыңыншы жылдар болуы керек, аудандық ауруханадан «енді істейтін амал қалған жок, екі-үш сағаттық қана өмірі қалды, алып кетіңдер» деген соң үйге шығарылған ел ағасының жағдайын естіген бойда сол кісінің үйіне жеткен. Үй егелері үмітін шынымен үзген бе, қарияны керуейетте жалғыз қалдырыпты. «Екі-үш күн ғана бұрын сап-сау жүрген ағайынның мына халіне сенгісі жоқ. Қандай кісі еді бұл кісі, өзін жылып қойып елдің қамымен жаны жай таппай жүретін ол алдында ғана аудан бас дәрігеріне кіріп бұлардың жалақысын көтеріп берген. «Рұқсат болса, атаны қарап көрейіші» деп қан қысымын өлшеп еді, қатты түсіп кеткен, тастай мұз боп жатыр екен. «Апа, неше жыл бірге отасқан жарыңыз емес пе, неге жайбарақат отырсыз, қане, аяғын спиртпен улаңаңыз» деді де өзі бөтелкеге ыстық су алдырып жан-жағына қойдырды. Өлден соң тіл астына дәрі салдырып, жанынан бір елі ұзамай, іштей білген дүғасын қайталаумен болды. «Мына шалдың денесі жылып келеді» деген кеуіуаныңн сөзін тірітіпті, кіріпін қимылдатқан отағасы тілге келіп, жанында отырған ауыл дәрігерін де жазбай таныды. Бірте-бірте есін жинап, «Қане, қолымнан тарт» деді бір кезде кемпіріне, немерелері арқасына төрт-бес жастықты сүйеп, ыстық шай ұрттап маңдайы жіпсіді.

Өзі бір үйдің келіні, тырғағына ілініп отырған ер отырған Нысанкүл үй деп көңілін демдеп үйге қайтқан. Түсіне осы қария еніпті. Өні қуанышты, бұлардың медпунктіне бес түп шынар әкеліп егіп жатыр. Мәнісін кейін білді ғой, екі-үш

күнде сауығып тұрып кеткен ата тағы бес жыл өмір сүрді.

Бірде талқаны таусылды деп ауруханадан шығарып жіберген бекетің жағдайын естіп, көмекке құстай ұшып жетті. Бетіне ақ шүберегін жауып, бір шетке қойған баланы жатқан жерінен көтеріп алып, анасын ертіп, сыртқа шығып еді, ауылда көлік табыла ма, көрші үйге тоқтап тұрған автолавканың иесіне «Бізді ауыл шетіндегі емші апаның үйіне жеткізіп тасташы» деуге әрең шамасы келді. Шірік, жарық дүние тәтті-ау, өледі деген алты айлық бала кіп-кішкентай жұдырығымен мұның саусағын қысып алыпты. Бұлар ауладан енгеннен келгенін сезіп, асығыс сыртқа шыққан ақ жаулықты апа «үш күннен бері ұйықтатпай мені әбден қинаған осы бала екен ғой» деп дереу бүлдіршінді етегіне орап алды. Балаға қатты көз тигенін, сол екі көпеге қадалып тұрғанын айтқан тәуіп апаның таңғажайып емінен соң баланың беті бері қарады. Медик бола тұра сол кезде тылсым дерт пен ем-домның қасиетіне бас иген Нысанкүл өзін де қолды-аяққа тұрғызбай ажалмен айқаса айдап барған күштің кереметіне бас иді. Сол саби өсіп-жетіліп, өмірге ұрпағы келді. Тағы бір ақ көбінегі оранғалы жатқан Балжан атты жас сәбидің ажалына қарсы тұрып, ем-домын жасап алып қалған қиыңа да қанық болдық, ол қыздың жасы қазір жиырманың жетеуінде. Мұны көрсе құшақтап, мәре-сәре болып қалады екен.

## ҚАЙДАСЫҢ СЕН, АЙЗАДА?

Адам саулығы қызметінде қым-қуыт, бір күні бір күнінен қарбалас жұмыста жүріп талай оқиға бастан өтті ғой. Енді бүгінгі күні сол өткен күндер елесі үзік-үзік ояға оралып, жан тыныштығын ұрлап, санасы санға, ойы онға бөлінетіні бар. Соның ішінде мына көрініс көз алдынан кеткен емес.

Сексенінші жылдардың кезі. Түгіскен ауылы мен аудан орталығына қатынайтын автобусқа отырған жүкті ана жолда толғақ қысып Жаңарық ауылының тұсына келгенде көліктен жалғыз түсіп қалады. Ауыл шетіндегі үйге әрең ілігіп, есіктен ене босанып қалған әйелдің нәрестесінің кіндігін кемпір кісі кесіп аман-сау тудырып алғанымен жолдасын алуды білмей сол жерде қансырап жатып қалады. Ауданға хабар беріп дәрігерлер жеткен дегенше әйел үзіліп кетіпті. Жаңарықтың өзіндегі Нысанкүлге хабар кеш тіліп көмекке жылдам жеткенімен ауданнан дәрігер де, милиция да келіп қойған екен. Есік алдында есінен айрылғандай аңырап тұрған еңгезердей кісіні көрді. Сол кездегі аудандық бас гинеколог-дәрігер Мәриям Жұмағалиева оған «Мына сәбиді не қыласың, баға аласың ба?» дегенінде ол: «Жок, үйімде ол балам бар, кішкентайым бірден енді асқан. Мұны ала алмаймын» деді. Дәрігер баланы орап алып өзімен алып кететін болды.

Күндер зулап өтіп жатты. Нысанкүл ауыл емханасына зат әкелетін болып облысқа баратын болды. Омырауында емізүлі ол бір айлық саби бар, оны тастай алмайтын болған соң баланы көтеруге күйеуі де бірге ере шығатын болды. Облыс орталығына бару үшін 86-шы пойызға мініп қалаға түрделетін жетті. Вокзалдың ішіне кіріп, өзі күту залында қалып күйеуі сыртқа такси әкелуге келген. Байқады, қарсы орындықта шырылдап жылап жатқан құндақтың баланың жанына ешкім келер емес. Тіпті болмаған соң шыдамай кетіп жанына келген күйеуіне қолындағы баласын ұстатқан Нысанкүл шырылдап жылаған сәбиді бауырына алып аузына емшегің салды. Өлден

соң жанына жақындай келе бұған бақырайып қарап қалған бағы түгіскенді кісіні көрді. Өткендегі бақилық болған әйелдің күйеуі ғой, үш айға дейін перзентхана бағып берген сәбиді одан әрі ұстауға рұқсат жоқ, облысқа балалар үйіне табыстауға қолына беріпті. Тұн жінде барар жері де жоқ екен, әбден сасып тұрған жағдайын жақсы білді. Құдасының үйіне қонуға беттеген бұлар өздерімен бірге бұл кісіні де ала кетті. Барған үйдің отанасының мамандығы медбике еді, жай-жағдайды білген соң дереу іске кірісіп кішкентай бекетің қарнын тойдырып, шомылдырып, маймен сылап бесікке бөлеп тастады. Ерtesi егістігін тастап келген шаруа адамын жолдан қалдырмайық деп үй иелері баланы арнаулы мекемеге өздері апарып тапсыратын болған. Мұның содан кейінгі жағдайдан хабары жоқ. Есіңде қалғаны, әкесі бекетіңнің есімін Айзада деген болатын. Бишара қыздың тағдыры одан кейін не болды, қазір қайда, әкесі, бауырлары қатысып тұра ма, бірін де білмейді. Одан бері неше жылдар өтті. Өлгі ер кісінің де есімін сұрап қалмаған екен. Енді мүлдем бейхабар, анда-санда есіне алып, жалқы сәт болса да жан жылуын төгіп, ақ сүтін емізген жұпар иісті саби есіне түскенде жүрегі бізге етеді. Бейқұна елес кінділі езіп, қатал тағдыр талқысына тартып тастай қатқан құсалы кеуденің мұң-наласына құлақ түріп, маңдайынан сипап жұбатқысы келеді. Бірақ ол жанды қайдан іздеп табар?

2009 жылы 58 жасында зейнеттік демалысқа шыққан Нысанкүл Дәуітбекқызы табиғатында бар шапшаңдық қасиетін қара тұтып қазірге дейін халықтан ажырап қалған жері жоқ. Науқастарды қарап ем-дом жасаудан бас тартпайды екен.

Кешегі кездеме Құдайға сенбейтін заман болды ғой, құлшылыққа ден қойып, намазға бас қояр ма еді, қоймас па еді, қырық жасында әкесінің шаңырағына қыдырып тұрып қонып жатқан түннің таңында әкесі басын еңіп, бағая өлдері көрген көк шибарқыт жайнамазын мұның алдына жайып, «Нысанкүл, тұр, намаз оқы» деген екен, өңіндегідей алдына түсіп, құран сүрелері бір сәтте жатталып тіліне оралып сүзгеріе тұрыпты. Содан бері құлшылығын бір сәт үзбепті. Тіпті талай дерттігі шипаны осыдан таптым дегенге өзі нық сенімді.

**ТҮЙІН:** Бір кездері ауылға аяғы құт болып келген фельдшер келін бүгінде әулеттің анасы атанған. Ата-ана үмітін ақтаған перзенттері көкөт-көгеріп, есен-сау өсіп-өніп жатыр. Бейнетпен келген бақыт деген осы шығар, ауылдың үлкен-кіші алдынан кесе өтпейді. Кісіге мұнан артық құрмет бар ма? Кезінде саланың мақтау-мадақтау грамоталарын иеленді, сүреті Құрмет тақтасына ілінді. Одан артықты даметтеді де. Жалпы, орта буын медицина қызметкерлерінің еңбегі ерекше еленіп, бұдан жоғары атаққа ұсыныла бермейді ғой. Бірақ Нысанкүл Дәуітбекқызы үшін орден-медальдан бұрын ел-жұртының ықыласы айрықша қымбат. Ауылымыз өркендеп, жастарымыз желкілдеп жетіліп келеді. Солардың жүзін мұң шалмаса екен дейді. Ел ішінде қатары селдіреп қалған аға-апалар аман жүрсе екен деп тілейді. Өзін «доктыр келін» деп еркелететін сол кісілер тірі тұрғанда көңіл шірік қайғы ойлап, қартаю ма? Жасы жетпіске келсе де жас келіндей сзылып, бізбен жылы қолтасып, жұмсақ жымиып қала берген дәрігер апаның ауылынан біз осындай ой түйіп аттандық.

**Баян АЛАУДИНҚЫЗЫ**

